Майқы би мен Мөңке бидің ақылмандық толғауларындағы замана шындығы.

Майқы би - атышулы Шыңғыс ханды көтерген, он екі бидің бірі. Өзінің сөздік тапқырлығымен, ақыл - шешендігімен көзге түскен. Халық аузында би туралы "Түгел сөздің түбі бір, сөз атасы - Майқы би" деген ескі сөз қалыптасқан.

Бұл жерде мен Майқы бидің сөзі асыл, дөп сөйлейтінін айтса, айтқанының бәрі орындалатын би деп түсіндім.

Мөңке би - Жілқайыр ханның керемет, ойлау қабілеті жүйрік кеңесшісі. Болашақты анық етіп жорамалдау оның басты ерекшелігі еді. Жырау халықты бодандықтан сақтандырып, одан түңілдіріп, жиреніндіре білген би.

Майқы би де, Мөңке би де ақылгөй, дана, көсем сөздің шеберлері. Оларды тіпті көріпкел деп атауға болады. Неге десеңіз ғой? Себебі Мөңке би алдыңғы заманың қандай болатынын XVI - XVII ғасырларында бізге ескертіп жазып кеткен.

Бізге жазып кеткен осы ескертуін толық ашып, дәлелдейтін болсам, Мөңке би сөздерінде "Кері заманда

Су тартылып, табаны қалады.
Сөз маңызы болмай, самалы қалады.
Надандардың заманы болады"



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

деп өз ойын, болжамын көркем жеткізеді.
Шын мәнінде де, біздің еліміздің көлдеріміз, Қота, Бурабай көлдері және де тағы басқа, Арал теңізі тартылып жатыр. Сонымен қатар еліміздің әр жерінде жемқорлықпен айналысып жатқандар да мол. Тағы қосып айтатыным болсам Мөңке би „Заманда сары су пайда болады. Ішіне бер су ішпейді.
Бірақ адамдар оған құмар болады" деп осындай надандықпен ақылмақтық қол салатын адамдарды жырау да осылай сипаттайды.
Онымен қоймай, боламақты болжай білген биіміз "ата-анасына қарсы шығатын, бетіне тіке қарап сөйлейтін ұлың, ақыл айтсаң ауыратын қызың болады" деген сөзін даналығына қосып халыққа үндеу айтады...
Мөңке би өзінің заманында тек келешек туралы ғана емес, XVI-XVII ғасырларда бастан кешкен оқиғаларында жазып, бізге мұра етіп қалдырған.
Ойымды нақты жеткізсем біздің жырауымыздың өмір сүрген уақытында отаршылдық өткен. Менің түсінуім бойынша Мөңке би бұған қарсы болып халқына "Азарсың халқым азарсың" өлеңін жазған. ~~Осы~~
Осы дәлелдеріммен тұжырымдасам, - Мөңке би өзінің келешекті мұсалдау ерекшелігін айтқан


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жеткізіп, көреге ала білгендігімен халқымызға және әрине бізге көп үндеу жасаған.

Ал енді, біздің мақтан тұтатын биіміз, ақылшы, тапқыр тайсалмайтын жырау - Майқы би. Майқы би де өзінің өлеңдерінде, халыққа айтқан ақылдарында бізге қалдырған.

Майқы биден "кімнен кім туады?" деген өлеңінде сол сұраққа жауап қатады. "Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады" деген еді.

Бұл жерде менің пайымдауымша, адам қандай болса, баласы да соған ұқсап туады деген ой түйдім.

Білімімнің көкжиегін кеңейтсем, Майқы би тіпті руларды бөліп, үш жүзді шығарған, шебер-шешен, дұрыс шешім қабылдай алатын адам болды. Және де Майқы би жас кезінен бастап Шыңғыс ханға сөз сөйлеп, қасында жүріп, биік етті. Ақырында аты бар елге жайылып би атанды.

Майқы би өзі өлсе де, сөзі өлмеген жан екенін мына сөзден байқадым. "Майқы би, өмірден өтіп, қаншама жылдардан кейін билер отырысында, бір би Майқы бидің сөзін өзінің сөзі секілді айтқан еді, сол кезде бір қария келіп сен неге бұл шешен сөзді өзің айтқандай кейіп танытып тұрсың, бұл біздің естен кетпес - Майқы биіміздің



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

сөзі гой" деп сөз айтқанынан аңғардым.

Осы жолмен нақты қорытынды шығаратын болсам Мөңке би мен Майқы бидің мұра етіп қалдырған ақыл, өлеңдерінен мен олардың басқа билерден ерекше екенін байқадым. Және олардың қаламының қаруы арқасында бізге осындай нақыл, өсиет жазып, өздерінің ақылмандығын дәлелдеді. Толғауларында заманы шындығын айқын көрсетіп болашақтың қандай екенін айтып тап.. нені ескеру керек екенін анық жазып, бізге мұра етіп қалдырып кеткен.